

МОДУЛЬ 1. ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ӨРКЕНИЕТТІҢ БАСТАЛУЫ

1. № 2. Семинар сабағының тақырыбы. Қазақстанның ежелгі дүние тарихының тарихнамасы мен дерек көздері.

2. Сабақтың мақсаты мен міндеттері: Қазақстанның ежелгі дүние тарихы туралы мәлімет беріп, оны кезеңдерге бөліп қарастыру және ерекшеліктерін атап өту. Ежелгі Қазақстан аумағындағы өркениеттің даму тарихын қарастыру.

3. Сабақтың мазмұны:

А) Тарихи деректер – тарихи деректану ғылымының тікелей зерттеу объектісі.

Ә) Қазақстанның археологиялық ескерткіштері туралы орта ғасырлардағы ғалымдар мен тарихшылар, географтар мен саяхатшылардың еңбектері.

4. Техникалық (оның ішінде оқытудың да) және инструментальдық құралдар: интерактивті тақта, слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық

5. Сабақтарды өткізу тәртібі: Дербес жұмысқа арналған тақырыптар

1. Тас дәуірінің ескерткіштерінің арнайы зерттеле бастауы.

2. Алғашқы адамның қалай пайда болғаны туралы.

3. Тарихи деректер мен тарихи деректану ғылымының тікелей зерттеу объектісіне тоқталу.

Дәрісханада өткізілетін жұмыс:

Оқытушының алғы сөзі:

Бұл сабақтың ең алғашқылардың болуына байланысты, оны толығымен оқытушы жүргізеді. Студенттер алдын ала берілген әдебиеттермен танысуы қажет. Сабақ барысында ежелгі Қазақстан тарихы бойынша деректермен танысу жүреді, әсіресе. Жазба деректердің маңызы ерекше. Студенттерге жыл бойы деректермен жұмыс барысында қолданылатын деректер сипаттамасының жоспары беріледі. Әрі қарай жазбаша жұмыстарға – баяндамалар мен оппаненттік пікірлерді дайындалудың теориялық және практикалық мәселелері қарастырылады. Сонымен қатар, ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасау әдістемесі де қарастырылады. Жұмысты жоспарлау, әдебиеттерді саралау, ақпараттар мен қажетті фактілерді саралау жайлы жалпы мәлімет беріледі. Белгілі әдістеме негізінде тарихи фактілерді түсіндіру, деректерді талдаудың жалпы және жекелеген мәселелері бойынша мәлімет беріледі. Әрбір студенттің семинар сабақтарының конспектін жазуы үшін дәптері болуы қажет. Дәптер орнына көшірме жасалған папка қолдануға болады. Алайда, көшірме пысықталған (карандашпен белгілер қою, астын сызып қою, шеттерінде немесе жекелеген бетте қосымша жазбалардың болуы) болуы керек. Ежелгі замандағы Қазақстан тарихы бойынша деректер туралы оқу материалын дайындау кезінде олардың ақпараттық деңгейін, сонымен қатар, халықтар мен тайпалар тарихының біркелкі қарастырылмауын ескеру қажет. Ежелгі дәуірдегі Қазақстан аумағындағы тарихи үдерістерді қалпына келтіруде археологиялық деректердің рөлі ерекше. Жазба деректер қатарына антика, парсы авторларының еңбектері мен қытай шенеуніктерінің жазбалары жатады. Кейбір мәліметтерді Авестаның көне мәтіндерінен де аламыз. Қазақстанның ежелгі тарихын зерттеуде этнологиялық

деректер де аса маңыздылар қатарына жатқызылады. Этнологияны тарих барысын талдау құралы ретінде қодану деректрмен жұмыс жасаудағы жаңа бағыттардың бірі болып саналады.

6. Әртүрлі күрделілік деңгейдегі тапсырмалар (сұрақтар) және оларды бағалаудағы ұпайлардың үлестірілуі:

1-деңгей. *Негізгі ұғымдарға анықтама беру.* Археология, деректану, тарих, археологиялық ескерткіштер.

2-деңгей. *Реферат презентациясы:*

А) Ежелгі Қазақстан тарихы бойынша археологиялық деректер;

Ә) Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясының бірінші жетекшісі.

3-деңгей. Этнологияны тарих барысын талдау құралы ретінде қодану деректрмен жұмыс жасаудағы жаңа бағыттарды анықтау.

7. СӨЖ және ОСӨЖ тапсырмалары, олардың түрлері мен орындалуына қойылатын ұпайлардың үлестері: Көптеген ескерткіштердің көпқабатты болатынын, яғни палеолит, мезолит және неолитке қатысты эмпирикалық материалдардан тұратынын ескеру қажет. Дәлелдеу қажет. Бақылау жұмысының жоспарын құрастырып, дайын материалды жазбаша түрде тапсыру қажет.

8. Пайдаланылатын әдебиеттер:

Негізгі әдебиеттер:

1. Қазақстан тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін. 5 томдық, 1 том. Алматы, 1996.

2. Алпысбаев Х.А. Неолитическая стоянка в пещере Караунгур. // Изв. АН Каз ССР. Сер. обществ., 1969, №2, С. 85-87.

3. Байпаков К.М., Таймагамбетов Ж.К. Археология Казахстана. Учебное пособие для студентов исторических факультетав вузов. – Алматы, 1993., 362 с.

4. Петрин В.Т., Таймагамбетов Ж.К. Комплексы палеолитической стоянки Шульбинка из верхнего Прииртышья. – Алматы, 2000, – 167 с.

5. Сыздыкова А.М. Ертістің Павлодар өңіріндегі археологиялық ескерткіштер. – Павлодар, – 27 б.

6.Калыш А.Б. Историческое краеведение Казахстана. 2017.

7. Қартабаева, Е.Т., Мырзабекова, Р.С. Ежелгі дүние тарихы 2014. РМЭБ.

Қосымша әдебиеттер:

1. Нысанбаев Н.Ә., Нұрмұратов С.Е., ТҒыбитов Х. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) : Монография. 1-том :Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір 2014. РМЭБ

2. Нұржанов А. Ұлы жібек жолы және ортағасырлық Қазақстан. Алматы: Рауан, 2018.

3. Алан Барнард. Антропология тарихы мен теориясы [оқулық] / А. Барнард; ауд. Ж. Жұмашова, 2018. - 240 б.

WEB-сайттар тізімі:

1. <http://e-history.kz/kz>

2. https://vk.com/history_qaz